

1. «Амандасу» сөзінің синонимін табыңыз.

- A) Сәлемдесу.
- B) Айтысу.
- C) Қоштасу.
- D) Сөйлесу.
- E) Әңгімелесу.

2. Тұйық буынды сөздер қатарын көрсетініз.

- A) Қант, бұлт.
- B) Ас, ұн.
- C) Сөз, қамал.
- D) Қол, бас.
- E) Ағаш, сезім.

3. Жалпы есім қатарын анықтаңыз.

- A) Көпір, Ертіс.
- B) Қала, көше.
- C) «Жас Алаш», «Парасат»
- D) Айна, Гүлдария.
- E) Әйгерім, Батыр.

4. Дара сан есімді табыңыз.

- A) Жиырма бір.
- B) Қырық-елу.
- C) Бес-бестен.
- D) Он бес.
- E) Жүзінші.

5. Етістіктің құрамына қарай бөлінуін белгілеңіз.

- A) Негізгі түбір етістік, туынды түбір етістік.
- B) Есімше, көсемше.
- C) Дара, күрделі.
- D) Салт, сабақты.
- E) Болымды, болымсыз.

6. Неологизмді табыңыз.

- A) Жеңімпаз.
- B) Үнпарақ.
- C) Қылқамақ.
- D) Диалог.
- E) Сәуір.

7. Жуан буынды сөзді табыңыз.

- A) Шағала.
- B) Еңбек.
- C) Өндіріс.
- D) Өсімдік.
- E) Арбакеш.

8. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаларды табыңыз.

- A) -лық, -лік.
- B) -шы, -ші.
- C) -мен, -бен.
- D) -ым, ім.
- E) -ты, -ті.

9. Септік жалғауы жалғанған сөздерді көрсетіңіз.

- A) Күз.
- B) Көріксіз
- C) Қашты.
- D) Қағазды.
- E) Кітап.

10. «Әлдеқалай» - құрамына қарай қандай сөз, белгілеңіз.

- A) Дара сөз.
- B) Қысқарған сөз.
- C) Қос сөз.
- D) Біріккен сөз.
- E) Тұрақты тіркес

11. Тәуелденіп тұрған есімдікті көрсетіңіз.

- A) Кіммін?
- B) Кімім?
- C) Кімсің?
- D) Кімнің?
- E) Кім?

12. Қалау райынан жасалған жақсыз сөйлемді табыңыз.

- A) Арғы – 2 буынды сөз.
- B) Жазғы көйлек алды.
- C) Ерген – арғы атадан.
- D) Арғысын сөз етпейік.
- E) Астанаға барғым келеді.

13. Құрмалас түрін анықтаңыз.

Еркін күлді, оған Қайрат та күлді.

- A) Себеп – салдар салалас.
- B) Ыңғайлас салалас.

- C) Қарсылықты салалас.
- D) Кезектес салалас.
- E) Талғаулы салалас.

14. Жекіру одағайын табыңыз.

- A) Ене.
- B) Әлде.
- C) Жә.
- D) Соң.
- E) Жуық.

15. Көп мағыналы сөзді көрсетіңіз.

Біз таудың басына шығып келдік.

- A) Келдік.
- B) Біз.
- C) Басына.
- D) Шығып.
- E) Таудың.

16. Буын үндестігіне бағынбайтын сөзді табыңыз.

- A) Дала.
- B) Уәдәлі.
- C) Әкенің.
- D) Баланы.
- E) Өнерпаз.

17. Еліктеуден жасалған етістікті көрсетіңіз.

- A) Жалпай.
- B) Ақша.
- C) Есіртке.
- D) Жомарт.
- E) Жазғыш.

18. Қосарлану арқылы жасалған сын есімді көрсетіңіз.

- A) Өрілген кірпіш.
- B) Үлкенді – кішілі үйлер.
- C) Қараңғы үңгір.
- D) Жып – жылмағай киінген.
- E) Жасыл орман, көк сай.

19. Күшейткіш үстеулі тіркесті табыңыз.

- A) Ілгері жүр.
- B) Тым биік.
- C) Тез келді.
- D) Ертең барады.

Е) Онша жараспайды.

20. Септеулік шылаумен байланысып тұрған тіркесті көрсетіңіз.

- А) Бекерге қиналу.
- В) Дәл өзі.
- С) Орта мектеп.
- Д) Қазыбектің жоспары.
- Е) Жиналыстан кейін.

21. Ілік септік пен тәуелдік жалғауы арқылы байланысу түрін көрсетіңіз.

- А) Жанасу.
- В) Меңгеру.
- С) Қиысу.
- Д) Қабысу.
- Е) Матасу.

22. Біреудің өзгертілмей айтылған сөзінің атауын белгілеңіз.

- А) Диалог.
- В) Төлеу сөз.
- С) Автор сөз.
- Д) Төл сөз.
- Е) Монолог.

23. Күрделі сөз қатысқан тіркесті табыңыз.

- А) Ағаштардың жапырақтары.
- В) кеш суықтау.
- С) Торы ат.
- Д) Зәулім ағаш.
- Е) Қара торы қыз.

24. Біріңғай толықтауыш қатысқан сөйлемді анықтаңыз.

- А) Ерболға да, Шұбарға да сыр мәлім болды.
- В) Алқаптың жан-жағы-қырқа, бұйрат.
- С) Жабай 25-ке толған, өмірдей жас жігіт еді.
- Д) Дала бүгін көңілді, көрікті.
- Е) Талап, еңбек терең ой...

25. Еркін тіркескен сөздердің құрылымдық схемасын анықтаңыз.

Асықпай сөйле.

- А) Зат есім – етістік.
- В) Етіс - көмекші етістік.
- С) Көсемше - етістік.
- Д) Етістік - көмекші етістік.
- Е) Етістік - зат есім.